

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

9. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-т. Бірінші кітап. Алматы, 1960. – 737 б.
11. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т5. Ғылым және ғалым. Әр жылғы зерттеулер. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 344 б.

1920-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Алтынай АШЕНОВА, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Аннотация: Қазақ фольклоры тарихында бүгінге дейін зерттеле қоймаған тың тақырыптардың бірі – 1920-30 жылдардағы ұлттық фольклорға қатысты материалдар. Оларды зерттеу сол дәуірдегі ғылыми үрдісті көрсетеді. Алаш зиялыларының бастамасымен іске асқан ел аузындағы мұраларды жинау, оны жарыққа шығарумен астасқан рухани жаңғыру болды. Жиналған мұраларды басылымға жариялаудың мәселелері де қарастырылды. Сол жарияланымдардың бағыты мен ғылыми негізі анықталады.

Кілт сөздер: мұраларды жинау, басылымға жариялау, ғылыми негізі, рухани жаңғыру, көпшілік сипаттағы жарияланымдар.

Аннотация: Одно из материалов которое не исследовалась до сегодняшнего дня в казахской фольклоре связано с национальным фольклором в 1920-30г.. Исследование таких материалов показывает научную тенденцию той эпохи. По инициативе интеллигенции Алаш был сбор наследия в сочетании с выпуском в свет его духовного возрождения. Рассматривались вопросы о публикации материалов по сбору наследия. Будут известны научные основы и направления этой публикации.

Ключевые слова: сбор наследия, опубликовать в прессе, научные основы, духовное возрождения, публикации популярного характера.

Summary: One of materials which was not investigated until today in Kazakh folklore is connected with national folklore in the 1920-30th. The research of such materials shows a scientific tendency of that era. On an intellectuals initiative of Alash there has been collecting heritage collecting heritage in combination with the release of its spiritual rebirth. Questions of the publication of materials on collecting heritage were considered. Scientific bases and the directions of this publication will be known.

Keywords: collection of heritage, to publish in the press, scientific basis, spiritual rebirth, popular publications.

Бүгінгі таңда ұлттық фольклорымыздың алаш кезеңіндегі жиналған фольклорлық шығармалар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында дайындаған «Бабалар сөзі» атты сериямен жарияланып, ғылыми айналымға еніп отыр.

Фольклортану ғылымында жиналған материалдарды жариялау – рухани мұрамызды халыққа жеткізу болып саналады. Алаш зиялыларының бастамасымен іске асқан ел аузындағы мұраларды жинау, оны жарыққа шығарумен астасқан рухани жаңғыру болды.

Фольклорлық және әдеби шығармаларды ғылыми түрде жариялау жұмысы, яғни ғылыми басылымды даярлау ісі бірнеше сатыдан тұрады: а) қолда бар барлық нұсқалар жан-жақты салыстырылып, ең негізгі мәтін таңдалып алынады; ә) жарияланатын мәтінге редакторлық түзету қажет пе? Қажет болса, ол қандай дәрежеде болу керек екені анықталады; б) ғылыми аппараттың толық сипаты белгіленеді, түсініктемелердің түрлері айқындалады; в) қосымша ретінде берілетін көрсеткіштер сипаты анықталады (кісі аттары, географиялық, тарихи, т.б.); г) қолда бар нұсқалардың толық сипаттамасы беріледі; ғ) басылымға кіріспе ретінде беташар сөз немесе соңғы сөз есебінде көлемді зерттеу-мақала жазылады [1,5].

Фольклорлық мұраларды және әдеби шығармаларды жариялаудың ғылымда қалыптасқан бірнеше түрі (типi) бар:

- 1) академиялық басылым;
- 2) ғылыми басылым;
- 3) ғылыми-көпшілік басылым;
- 4) көпшілікке арналған басылым;
- 5) оқулық;
- б) хрестоматия.

Жариялау жұмысының ең бірінші және өте маңызды шарты – негізгі мәтінді ала білу, оны жарыққа шығарудың басты шарттарын белгілеу. Басылымның барлық түріне болмасын сәйкес келетін әмбебап шарт жоқ. Қай нұсқаны таңдап алу керектігі жинақтың сипаты мен мақсатына байланысты. Осы айтылған фольклор шығармаларын жариялау ісі алаш кезеңінде жарыққа шыққан жинақтарда қалай жүзеге асты деген мақсатпен көпшілік мақсатқа жақын жарыққа шыққан жинақтарды сипаттайық.

1920-30 жылдардағы мәдениет, өнер, әдебиет саласындағы зерттеу жұмыстарын бір арнаға бұрып, басшылық жасайтын ғылыми орталықтың қажеттілігі сезіле бастаған тұста, 1933 жылы қазақ халқының ұлттық мәдениетін зерттейтін ғылыми-зерттеу институты ашылады. Бұл ретте С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті туралы хат» деп аталатын ашық хатындағы: «Жазылып шыға алмай келген қазақ тарихы, қазақтың халық әдебиеті, тарихы және де басқа осындай тарихтар енді, осы Қазақстанда білімнің ұлы қазаны, ұлы дүкені болып отырған университет маңында жазылып, тәртіптелінуі керек» [2] – деген, құнды пікірінің іске асқандығын атап өтуіміз керек. Бүкіл жиналған материалдарды бір ғылыми орталыққа жинақтау – ғылым, білім үшін аса қажет шара. Институт асыл мұраны зерттеу, игеру жұмыстарында бірталай нәтижеге қол жеткізді. Осындай құнды пікірлердің нәтижесінде халық әдебиетінің әртүрлі жанрларына арналған жалпы көпшілік сипаттағы бірнеше жинақтар басылып шықты. Олар: Мың бір мақал.

(1923); Тазша. (1926); Аяз би. (1927); Өтірік. (1927); Жұмбақ. (1930); Қырық өтірік. (1935); Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. (1935); Қазақ совет фольклоры. (1935); Алдар көсе. (1936); Мысалдар. (Алматы, 1936); Сексен өтірік. (1937); Қазақ ертегілері. (1937); Ертегілер. (1939) [3].

Бұл жинақтарды жариялауда құрастырушылар мен жариялаушылар ғылыми мақсатты көздемеді, балаларға, мектеп оқушыларына мәтін ұсынуды қарастырды. Жеке жанрларға арналған жинақтар қатарына енгізуге болатын кейбір басылымдар өкінішке орай, алғы сөзі мен түсініктемелер берілмеуі себепті көпшілік басылым қатарына енді. Жоғарыда аталған басылымдардың ішінде А.Баржақсыұлының «Мың бір мақал» жинағы мен І.Жансүгіровтың «Өтірік» жинағы ғылыми мағынасы жағынан ерекшеленіп тұратынын айту қажет.

Қазақтың мақал-мәтелдері ауызекі таралып келгені болмаса, ХІХ ғ. аяғына дейін қағаз бетіне түсіп, жеке кітап болып жарық көрген емес. Мақал-мәтелдер бірыңғай жинақ болып 1899 жылы жарияланды. 1899 жылы В.В.Катаринский «Сборник киргизских пословиц» атты мақал-мәтелдер жинағында қазақтың мың жарымнан астам мақал-мәтелдерін қамтыды. Ал, 1900 жылы Ә.Диваев жариялатқан қазақ мақалдарының жинағы жүйелі, алғашқы жинақтардың бірі болды деп айта аламыз [4, 51]. Біз қарастырып отырған кезеңде мақал-мәтелдер өз алдына жинақ болып 1923 жылы Ахмет Баржақсыұлының құрастыруымен «Мың бір мақал» деген атпен жарияланды. Мұнда құрастырушы мақал-мәтелдерді мазмұнына, тақырыбына қарай 10 бөлімге жүйелейді. Жинақ Н.Төрекұловтың «Сөз алды» деп аталатын беташар сөзімен ашылады. Мақал-мәтелдерде халықтың басынан кешкен өмірі, тұрмысы, өнері, әдет-ғұрпы, сондай-ақ айналасындағы өмірге деген көзқарасы суреттеледі деп жаза келіп, жариялауда бірнеше мақсат көзделгенін атап көрсетеді. «Бұл кітапта: тәңірі, патша, хан, адам, жақсы-жаман, достық-қастық, жалғыздық-көптік, байлық-жарлылық, сараңдық, ерлік, өтірік, билік, құлдық, той, кәде, қатын, бала, тәрбие, заман, сауда, еңбек һәм тағы басқа нәрселер туралы қазақ, қырғыз көзқарасы қандай? Солар көрсетілген. Бұларды біліп, тұрмысты тану үшін – әрбір әлеумет қызметіндегі замандастарға, мектептердегі совет, партия өкілдеріндегі жастарға «Мың бір мақал» кітабы іздесе табылғысыз. Бұл – бір.

Екінші, керегі тіл үшін. Адамның ойын жарыққа шығаратын күшті құралы тіл. Қазақ-қырғыз еңбекшілерінің ойы үшін, санасы ұлғаюы үшін, түсінікті, жатық, таза тілі болуы керек. Түсініксіз, топас тілмен қазақ, қырғыз еңбекшілерін тәрбиелеуге болмайды», – деп көрсетеді [5, 4].

Автордың сол кезеңдегі көтеріп отырған тіл мәселесі – бүгінгі егеменді еліміздің алдында тұрған міндеттердің ішіндегі ең басты мәселелерінің бірі. Ал, бұл еңбектің қаншалықты маңызды екенін аңғартады. Жинақ көпшілік қауымға арналған.

І.Жансүгіровтың «Өтірік» жинағы «Жинаушыдан» деп аталатын кіріспе мақаласымен ашылады. Бұл мақаланы осы жанрға арналған бірінші зерттеу деп атаса да болады. Онда өтірік өлеңдердің табиғаты, пайда болу, туындау ерекшеліктері, халықты өзіне баурап әкететін көркем образды, романтикалық сөз

орамдары, жалпы поэтикасы жөнінде сөз болады. І.Жансүгіров: «Ел әдебиетінде өтірік – өзгеше түрлі айна. Ел өмірінің барлық тармағын ашып алдына жаятын әдебиет бұл күнде жинауға мұқтаж. Сол оймен кішкентай болса да осы жинақтағы өтіріктен өзгеше көрінетін қоғам құрылысының, салт-санасының жарықшағын шұқылап зерттеуге, әдебиетке, ел өміріне белгілі бағыты бар табанды көзқарас туғызуға дерек іздейтіндерге «ел қазынасы» деп еңбек қылдым. Бұл – жинақтың түпкі ойы, түпкі орны» [6, 12] – деп, жинаққа енген шығармаларды жариялаудағы негізгі мақсатын атап көрсетеді.

1920 жылдардың ІІ жартысынан бастап көбірек жарық көрген басылым түрі – орыс тіліне аударылған қазақ фольклорлық шығармалары болды. ХІХ-ХХ ғасырдың басында Ә.Диваев бастаған ғалымдар қазақ фольклорының үлгілерін орыс тілінде және қазақ тілінде жариялағаны белгілі. Осы үрдіс бойынша 1930 жылдары қазақ фольклорының жекелеген үлгілері орыс тілінде жарық көрді. Қазақша басылған мәтіндерді орысша аударма жасап жариялауда қазақтың асыл мұрасын Одақ халқына таныту әрі қазақ халқының фольклорлық шығармаларын орысша жариялау арқылы зерттеу жұмыстарына енгізу мақсаты көзделді.

Осы айтылғандардың дәлелі деп «Қобыланды батыр» [7] мен «Песнь о Козы Корпеше и Баян слу» аудармасын атауға болады. «Песнь о Козы Корпеше и Баян слу» аудармасының бірінші басылымы 1927 жылы орыс ақыны Г.Н.Тверитиннің ерікті аудармасымен басылып шықты. Жинақта І.Жансүгіровтың кіріспе мақаласы берілген [8]. Алғы сөзде жырды Тверитин қалай аударғанын сөз етіп, халықтық нұсқасы ел арасына кең тараған және жырдың шығу мерзімін өте ерте заманда пайда болған деп көрсетеді. Кіріспе мақалада жырдың қазақ халқы үшін мән-маңызы айтылып, жыр қазақ өмірінің көрінісін, салт-дәстүрін бейнелейтіні және адамдар арасындағы рулық қатынастардың қандай дәрежеде екендігі сөз болды. Орыс ақыны Г.Н.Тверитиннің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын орысша аударып жариялауы – қазақ фольклортануы үшін үлкен құбылыс болды. Бұл кезеңде қазақ фольклорының мәтіндерін, әдеби шығармаларды ғылыми тұрғыда аудару мәселесі қолға алынды. Онда орыс тілі арқылы өзге жұрттарға бай рухани мұраны танытып, қазақ халқы тұрмысы жағынан кенжелеу қалса да, рухани, әдеби байлығы жағынан қай ұлтпен болсын терезесі тең екенін көрсетуге ұмтылды. Осындай игі бастамаларды бағалаған С.Сейфуллиннің «Қазақ батырлар жырын Пеньковский мен Тарловскийдің орысшаға аударуы туралы» [9] мақаласы жарық көрді. Мақалада «Ер Сайын», «Ер Тарғын», «Қобыланды» секілді жырлардың аудармасының ұйқасымдары, дауыс күйлерінің жұптары қазақша аударылғанда төмен шыққан. Бұл – ешбір аударма өзінің түпнұсқасындай бола алмайтындығына дәлел болса да, жақсы аударылған тұстары да баршылық деп көрсетеді.

1936 жылы болған қазақ әдебиеті мен өнері туралы декада қарсаңында М.Әуезовтің басшылығымен орыс тіліне қазақ халқының ертегілерін, батырлық жырын, ғашықтық жырын және т.б. үлгілерін аудару ісі қолға алынды. Аударушылар фольклорлық мәтіннің жолма-жол аудармасын дайындады. Қазақ халқының бай әдеби мұрасы «Қазақ әдебиетінің антологиясы» [10] атты жинаққа топтастырылды. Бұл жинақтың маңызы туралы Л.Соболев Қазақстан

жазушыларының ІІ съезіндегі сөзінде атап өтеді. Мәселен, ол: «Бұл антология көп миллиондаған совет еліне, совет оқушыларына қазақтың ерекше бай халық әдебиетінің, әңгіме-ертегілерінің, ХІХ ғасырдың ақындары шығармаларының, ХХ ғасырдағы бұқарашыл әдебиеттің, 16 жыл жырларын және қазіргі қазақ совет әдебиетінің ең жақсыларын шама келгенше толық жеткізер деп сенеміз. Осы антологияны бірге жасаған жолдастар, бұл антология совет елдерінің барлық тілдеріне аударылады ғой деп қатты сенеміз» [11,3], – деп жазды.

Қазақ ұлт мәдениеті институты 1935 жылы «Труды казахского института национальной культуры» атты еңбегін жарыққа шығарды. Онда М.Әуезовтің «Ценные памятники киргизского и казахского фольклора» [12, 125], С.Асфендияровтың «О казахском эпосе» [12, 131] атты зерттеу мақалалары жарияланды. Бұл мақалалар қазақ халқының фольклорын көрші этникалық туыстас халықтардың фольклорымен, тарихымен байланыстылықта қарастырып, әр халықтың фольклорының өзіндік ерекшеліктерін таныту керек деген мәселені қояды. Мәселен, М.Әуезов мақаласында эпос жанры қырғыз халқының еншісіне, ал лирика жанры қазақ халқының еншісіне жатқызылып жүрген түсініктің дұрыс еместігін дәлелдеу үшін қырғыз халқының эпосы мен қазақ халқының эпосын таныстырады. Ал С.Асфендияров мақаласында қазақ даласының кең байтақ жерін тілге тиек етіп, осы мекеннің тарихи ерекшеліктері қазақ халқының поэзиясына, әсіресе, халық ауыз әдебиеті түрлеріне әсер еткен деген пікірін айтады. Бұған Шығыс Қазақстан мен Батыс Қазақстан арасындағы айырмашылық мысал бола алады деп пайымдайды. Оның айтуы бойынша Қазақстанның батыс өңірінде (бұрынғы Кіші Орда) халық эпосы жақсы дамыған, бұл жағдай тарихи оқиғалардың бағытына байланысты болған. Сондықтан жазушыларымыз бен тарихшыларымыз алдында халық эпосының барлық түрін жинау, баспадан шығару және зерттеуді қолға алу мәселесі тұр деп жазады. Бұл мәселелерді шешуге арналған С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» еңбегін әдебиет тарихы мен қазақ тарихын байланыстылықта қарауға арналған зерттеулердің бір бөлігі деп бағалайды.

Осылай рухани қазынамыз саналатын – фольклор үлгілері орыс тіліндегі баспасөз жүзінде де жарияланып, Қазақстанға ғана емес, тіпті Одақ көлеміндегі зерттеушілерге белгілі бола бастады. Қазақ халқының рухани байлығын бұқаралық сипаттағы мерзімді баспасөзде жариялау арқылы Одақ халқына таныту мақсаты көзделді.

1920 жылдары халықтың өз алдына отау тігіп, егеменді ел болуды армандауы, өзінің төл мәдениетіне, тіліне, тарихына, әдебиетіне деген табиғи қызығушылықтың өркендеуі – қазақ фольклорын жариялау ісін тездеткені анық. Алаш зиялылары фольклорды әрі жинау, әрі зерттеу мәселесімен қатар фольклорлық мәтіндерді жариялау ісін де жүреге асырды.

Алаш қайраткерлері алдымен қазақ фольклорын жариялау арқылы жұртшылыққа таныстыруды қолға алса, екіншіден, жастарды оқу-білімге шақыру, үгіт-насихат айту, тәрбиелеу мақсатында көпшілікке арналған жинақтарды көптеп шығара бастады. Үшіншіден, бұл мәтіндер фольклор мен қазақ әдебиеті тарихын тексеруде дайын дерек көзі болды. Төртіншіден, орыс

тіліндегі баспасөз арқылы мол фольклорлық мұраны Одақ халқына таныту, әрі зерттеу нысанына айналдыру мақсаты көзделді. Бұл қарастырылып отырған алаш кезеңіндегі көпшілік сипаттағы жарияланымдар келешек ұрпақтың жариялау ісіне бағыт-бағдар бола алды деп бағалай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. – Алматы: Ғылым, 1983. – 263б.
2. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті туралы хат // Еңбекші қазақ, 1929, 26 желтоқсан
3. Мың бір мақал. (Ахмет Баржақсыұлының құрастыруымен). – Мәскеу: Кіндік баспа, 1923. – 58 б.; Тазша. (Жинаушы Ж. Басығараұлы). – Мәскеу: Кіндік баспа 1926. –126 б.; Аяз би. (Жинаған Ғ.Ешмұхамедов).– Мәскеу: Кіндік баспа, 1927. – 35 б.; Өтірік. (Жинаушы І. Жансүгіров). – Мәскеу: Кіндік баспа, 1927. – 94 б.; Жұмбақ. (І.Жансүгіров). – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1930. – 40 б.; Қырық өтірік. – Алматы: ҚКӘБ., 1935; Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. (Жинап, құраған Ө.Тұрманжанов). – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1935. – 218 б.; Қазақ совет фольклоры. I жинақ. (Қазақстан ұлт мәдениеті ғылыми зерттеу институтының еңбегі). – Алматы-Қазан: ҚКӘБ., 1936. – 173 б.; Алдар көсе. (Жауапты ред. Қ.Өтепұлы). Ескі әдебиет мұрасы). [Халық қазынасы] – Алматы: ҚКӘБ., 1936. 50 б.; Сексен өтірік. (Өндеген Ө.Тұрманжанов). – Алматы: ҚКӘБ., 1937. – 20 б.; Қазақ ертегілері. – Алматы: ҚКӘБ., 1937. – 25 б.; Ертегілер. (Құрастырушы С.Мұқанов). – Алматы: ҚКӘБ., 1939. – 32 б.; Балықшы мен балық туралы ертегі. – Алматы: ҚКӘБ., 1936. – 16 б.
- 4.Казахская народная поэзия (Из образцов, собранных и записанных А.А.Диваевым). – Алма-Ата: Наука, 1964. –256 с.
5. Мың бір мақал. (Жинаушы А.Баржақсыұлы). – Мәскеу: Кіндік баспа, 1923. – 58б.
6. Жансүгіров І. Өтірік. Мәскеу: Кіндік баспа, 1927. – 94 б.
7. Кобланды батыр (перев. Н.Тарловского). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1937. – 71 с.
8. Песнь о Козы Корпече и Баян – слу. (Авториз. Пер. с каз. Г.Н.Тверитина. Придисловие и Джансугурова.). – Алма-ата – Москва. Казк., 1935. – 120 с.
9. Сейфуллин С. Қазақ батырлар жырын Пеньковский мен Тарловскийдің орысшаға аударылуы туралы. // Қазақ әдебиеті, 1935, 20 қараша, № 31.
10. Қазақ әдебиетінің антологиясы. // Қазақ әдебиеті, 1938, 10 наурыз, №12.
11. Собелев Л. Шындықты жазайық. (Қазақстан жазушыларының II съезін құттықтаған сөзі). // Социалистік Қазақстан, 1939, 2 маусым, №143.
12. Труды казахского института национальной культуры. – Алматы – Москва: Казкрайиздат, 1935. – 1 т. – 205 с.